

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университеті  
Дене шынықтыру және спорт  
факультетінің деканы

п.ғ.к., доцент

\_\_\_\_\_ Ө.Ж.Тұрысқұлов

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2022ж.

**2022/2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖАРТЫ  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Кафедра мәжілісінде қаралды,

№\_\_ хаттама «\_\_» \_\_\_\_\_ 2022ж

Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.доцент

\_\_\_\_\_ А.М.Испандиярова

**Шымкент 2022 ж.**

### **3. Оқу-әдістемелік жұмыстар**

#### **3.1 Кафедраланың оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етілуі туралы (стандарттар, үлгілік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары)**

2022-2023 оқу жылында кафедрада 2 профессор-оқытушы жұмыс атқарып, **1275** студент мамандық бойынша білім алды. Кафедраның 6B01402- Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау, (5B0108- дене шынықтыру және спорт) мамандықтары ҚР Үкіметінің 2012 жылы 23 тамызда №1080 қаулысымен бекітіліп өзгерістер енгізілген МЖМБС мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «31» қазан № 603 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етілген.

Кафедрадағы оқу-әдістемелік жұмыстар кафедра мәжілісінде талқылап бекітілген. Оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына және оқытушылардың жеке жоспарына сәйкес жүргізілген, тиісті құжаттармен қамтамасыз етілген.

#### **3.2 Кафедрадағы оқу-әдістемелік құжаттардың жағдайы туралы.**

**Типтік оқу бағдарламасы мен жұмыс оқу бағдарламаларының мазмұнының сәйкестіктері және жеке оқу жоспарлары мен элективтік пәндер каталогын құрастыру туралы (Тіркеме №7)**

Кафедра 6B01402- Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау, 5B0108- дене шынықтыру және спорт мамандықтарын шығарады. Кафедрада ҚР БЖҒМ бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламалар негізінде жасалған пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус), талқыланып бекітілген.

Кафедраның профессор-оқытушылары оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және атқару барысында келесі негізгі құжаттарды басшылыққа алды:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- білім беру бағдарламалары;
- жұмыс және жеке оқу жоспарлары
- жұмыс оқу бағдарламасы.

Кафедралара оқытылатын барлық пәндердің әдістемелік қамтамасыз етілуі, студенттердің апталық жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай келеді.

Элективті пәндер каталогтары жасалып, электронды және қағаз түрінде студенттерге пайдалануға беріледі. Студент таңдалатын пәннің қысқаша мазмұны мен құзыреттілігі, күтілетін оқу нәтижелері көрсетілген мәліметпен танысып, пәнге тіркелу рәсімдерін жасайды. Кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстары кафедра мәжілісінде талқыланып, факультет деканы бекіткен оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына және оқытушылардың жеке жоспарына сәйкес жүргізілді.

6B01402- Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау, 5B0108- дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша кафедрада күндізгі, кешкі және қашықтықтан қабылданған білімгерлерге арналған оқу жұмыс жоспарлары жасалынып университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген.

Осы оқу жұмыс жоспарларына сәйкес кафедрада пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары, студенттерге арналған оқу және әдістемелік құралдар, нұсқаулар кафедраның мәжілісінде және университеттің оқу- әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітілген. Тест сұрақтарының сапасын және оқу бағдарламасына сәйкестігін кафедра меңгерушілері қадағалайды.

Студенттердің білім деңгейі мен оқу көрсеткіштері кафедра меңгерушісі мен факультет тарапынан бақыланды, нәтижесі емтихан сессиясында қорытындыланған. Әр топтың сессиядағы орташа балдары есептелініп, кафедраның ағымдағы жұмыс жүргізу сапасы мен көрсеткіштері туралы мәлімет түзілген.

№7 тіркеме

**2022-2023 оқу жылында 6B01402- «Дене шынықтыру және спорт пәні бойынша мұғалім даярлау» 5B0108- дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша элективті пәндер**

**Каталогы**

№	Пәннің коды	Пәндер циклі	Пәннің атауы	Кредит	Тьютр туралы мәлімет
<b>1 курс</b>					
<b>I жартыжылдық</b>					
1	GIM 1332	ПП	Гимнастика оқыту әдістемесі	5	Темірханов М.Т.
2	VST 1330	ПП	Валеология және сауықтыру технологиялары	5	Испандиярова А.М.
3	JAOA 1333	ПП	Жеңіл атлетика оқыту әдістемесі	4	Балабеков А.Т
<b>2 курс</b>					
<b>I жарты жылдық</b>					
1	ASMN 2220 SM 2220	БП	1.Анатомия спорттық морфология негіздері 2.Спорттық медицина	6	Байдосова А.А.
2	GIM 2225 A 2225	БП	1.Гимнастика 2.Акробатика	6	Таджимуратов Н.Р
3	KOOA 2226	БП	Қозғалыс ойындар оқыту әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	6	Пернебаева П.М

<b>3 курс</b>					
<b>I жарты жылдық</b>					
1	YSTOA 3215	БП	Ұлттық спорт түрлерін оқыту әдістемесі	5	Сералиева У.О.
2	SM 3221 DShSG 3221	БП	1.Спорттық метрология 2.Дене шынықтырудағы спорттық ғимараттар	5	Пернебаева П.М
3	DTSTFN 3223	БП	Дене шынықтыру және спорт түрлерінің физиологиялық негіздері мен гигиенасы	5	Пернебаева П.М
3	G 3225 A 3225	БП	1.Гимнастика 2.Акробатика	5	Сотов В.В
4	B 3227 V 3227	БП	1.Баскетбол 2.Волейбол	5	Сотов В.В
5	DShSG 3228 ZhPIT 3228	БП	1.Спорттық құрылыстар және тренажерлар 2.Кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру	5	Кульбаев С.Қ
<b>4 курс</b>					
<b>I жарты жылдық</b>					
1	DTSTFNG 4222	БП	Дене шынықтыру және спорт түрлерінің физиологиялық негіздері мен гигиенасы	4	Байдосова А.А
2	BZhKSTA 4334	ПП	Балалар мен жасөспірімдер және кәсіби спорттың теориясы мен әдістемесі	6	Испандиярова А.М
3	BOA 4236	БП	Баскетболды оқыту әдістемесі	5	Сотов В.В
4	VOA 4237	БП	Волейбол мен стол теннисін оқыту әдістемесі	5	Тұрдалиев А.Т
5	FOA 4238	БП	Футбол мен кіші футболды оқыту әдістемесі	5	Ускеналиев А.К
6	GOA 4339	ПП	Гандболды оқыту әдістемесі	5	Ускеналиев А.К
7	KDD 4236	БП	Күшті дамыту дайындығы	5	
8	ZhOTA 4237	БП	Жүзуді оқыту теориясы мен әдістемесі	5	
9	SKDSh 4238	БП	Спорт пен қолданбалы дене шынықтыру	5	
10	DKZh 4339	ПП	Дене қасиеттерін жетілдіру	5	

## Оқытушылардың біліктілігін арттыру жөніндегі мәліметтер

Кафедра бойынша 2022-2023 оқу жылында 6 оқытушылар біліктілігін арттырды.

№8тіркеме

Оқытушының аты-жөні, тегі	Біліктілігін жоғарылату орны	Біліктілігін жоғарлату түрі	Ұзақтығы және көлемі	Қаржыландыру көзі	
Таджимуратов Н.Р	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	
Каратаев А.О	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	
Бактыберлиева И.М	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	

Сейсембек Ә.Б	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	
Басынбеков Қ.М	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	
Пернебаева П.М	София, Болгария	Онлайн «Modern pedagogical technologies in teaching of Physical Education and Sport Pedagogy in the higher education institution» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат Sofia, 14.11.2022-25.11.2022ж (тіркеу №)	72 сағат	Өз есебінен	

№	Мамандықтар бойынша кафедрада жүргізілетін пәннің саны	Типтік бағдарлама	Жұмыс оқу бағдарламасы	Кітапханадағы оқулықтар саны		Электрондық оқу құралдарының көлемі МБ	бейнелекциялар
				Жалпы саны	Оның ішінде қазақ тілінде		
1	6B01402- Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау 5B010800-Дене шынықтыру және спорт - 22	2	21	24488	21788	146 (4МБ)	15

### 3.3 Кафедрада профессор-оқытушылардың жоспарланған дербес оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы туралы.

Профессор-оқытушылардың дербес оқу-әдістемелік жұмыстары 2022-2023 оқу жылының басында жасалған жоспарға сәйкес орындалды.

Әрбір оқу жылының басында дәстүрлі түрде кафедралар жұмысы 4 бағыт бойынша жоспарланып (оқу-ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие жұмыстары), кафедраның алғашқы мәжілістерінде бекітілді.

Кафедрадағы профессор-оқытушылардың дербес оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалуы аталған жоспарларда жан-жақты үлгілерімен ерекшеленді: кафедраның алғашқы мәжілісінде жұмыс оқу бағдарламалары, білім беру бағдарламалары (ББ), элективтік пәндер каталогы талқыланып, бекітілген; онлайндық бейне курстар мен онлайн семинарлардың тақырыптары және дипломдық жұмыстардың тақырыптары талқыланды, БӨЖ ұйымдастыру, өзара сабаққа қатысу, ашық сабақтар өткізу кестелері түзілді. Оқу-әдістемелік бағыт бойынша профессор-оқытушылардың баспадан шығарылатын оқулықтары, оқу құралдары және оқу-әдістемелік нұсқауларының көлемі жоспарланады.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы 2022-2023 оқу жылына арналған дербес оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарларына сәйкес жүктемелерінде көрсетілген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабус), лекция мәтіндерін, практикалық сабақ тапсырмаларын, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар, әдістемелік нұсқаулар, тест тапсырмаларын, блок тапсырмаларын, емтихан сұрақтарын, СӨЖ тапсырмаларын, оқу құралдарын, әдістемелік баяндамалар дайындайды.

### 3.4 Білімгерлердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың сапасы және өткізудің формалары. Курстық жұмыстарды жоспарлау, қабылдау және бағалау туралы.

Студенттердің өз бетінше жұмысын жүргізу ісі кафедрада дұрыс жолға қойылып, БӨЖ, ОБӨЖ кестелері жасалынып, бекітілген.

Кафедрада мамандық ерекшеліктеріне байланысты БӨЖ қабылдау әдістері қарастырылып – кейс, глоссарий, презентация жасау, шығармашылық жұмыс жасау, эссе жазу, тақырыптар бойынша нұсқаулар жасалып, онда тапсырмалардың бағалау критерийлері берілген.

**Кредиттік оқу жүйесінде БӨЖ ұйымдастыру кезінде мына мәселелерге назар аударылды:**

- тақырыптарға сәйкес БӨЖ тапсырмалары дәл және анық болуына;
- лекция және семинар сабақтарының БӨЖ орындауына ықпал ететіндей болуына;
- БӨЖ тапсырмаларының көлеміне және оны қабылдау түріне, тапсырмалардың бағалау критерийлеріне;

- БӨЖ тапсырмаларын орындауға қажетті әдістемелік құралдарға;
- БӨЖ орындауды және қабылдауды әр түрлі өткізуге.

БӨЖ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген, студенттің өз-бетінше орындай алатындай және оны тест, коллоквиум немесе реферат, есеп, жоба, кескін картамен жұмыс т.б. түрде бақылауға немесе тексеруге ыңғайлы болуы қажет.

**БӨЖ ұйымдастыру және қабылдау технологиясы мынадай этаптардан тұрады:**

- БӨЖ жоспарлау,
- әдістемелік жағынан қамтамасыз ету,
- БӨЖ бақылау және бағалау, талдау және одан ары дамыту.

**БӨЖ екі бөліктен тұрады:**

- Оқытушы басшылығымен студенттің орындайтын өзіндік жұмысынан (ОБСӨЖ),
- Студенттің өздік жұмысынан (БӨЖ) тұрады.

Кафедра мамандықтары бойынша өтілетін міндетті және таңдау компонентінің пәндерінен студенттердің өзіндік жұмыстарының (БӨЖ) орындалуы пәндерге қатысты әр түрлі формада өткізілді: баяндама, реферат, эссе, кейс, глоссарий, жоба және жеке тапсырмалар түрінде. Әрбір пәннің силлабусында БӨЖ тақырыптары, қабылдау формалары, қабылдау уақыты мен аудиториясы көрсетілген. Студенттердің өзіндік жұмыстарының (БӨЖ) тапсырмалары лекция сабағының соңында немесе практикалық не лабораториялық сабақ барысында таратылады да белгіленген мерзімде қабылданды. Студенттердің өзіндік жұмыстары оқытушының қабылдау кестесіне сәйкес, мерзіміне байланысты топтан не жеке студенттерден қабылданды. Студенттерден БӨЖ қабылдау онлайн түрінде және де «Универ» бағдарламасы бойынша қабылданды.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауда кейс-технологиясы, «ақыл-ойға шабуыл», брифинг-сабақтар, «Дөңгелек үстел» секілді белсенді әдістері қолданылды БӨЖ студент білімінің тереңдігі мен орнықтылығына, дағдыларына, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі болып саналады. БӨЖ орындау арқылы студент оқу процесінің белсенді мүшесі болады және өз ойын еркін, дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді. Сонымен қатар студенттердің ғылыми шығармашылық жұмыстарына да көп көңіл бөлінді. Кафедрада БӨЖ жұмыстары мамандық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады. Студенттердің үлгерімі қадағаланып, білім деңгейлері аралық және межелік бақылаулар арқылы анықталды. Студенттердің өзіндік жұмыстарды барлық курстар офлайн оқуларына байланысты аудиторияда және аудиториядан тыс кезінде ұйымдастырылды.

Барлық курстар үшін аудиториядан тыс жұмыстары төмендегідей түрлермен жүргізілді:

- тақырып бойынша студенттердің ауызша сөйлеу дағдылары тексерілді; мәтіндерді талдау, оқу дағдыларын байқау;
- лексикалық және грамматикалық тапсырмаларды орындап тапсыру;
- үй жұмыстарын тексеру, конспектіленген жұмыстар бойынша әңгіме-сұхбат жүргізу;
- баяндама және тақырыптарды презентациялады.

Курстық жұмыстар 6B01402- Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау, 5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша қарастырылмаған.



### **3.5 Кафедра оқытушыларының оқытудың жаңа және белсенді инновациялық әдістері мен техника оқу құралдарын қолдануы туралы, оның студенттің танымдық белсенділігін арттырудағы ролі. Кафедра оқытушыларының өзара сабаққа қатынасуы, оның әдістемелік талдауының сапасы. Ашық сабақтар туралы. (Тіркеме № 9).**

Оқыту сапасын көтеру және тәжірибелі оқытушылардың іс-тәжірибесін тарату мақсатында кафедрада өзара сабаққа қатысу және ашық сабақтар кестелері құрастырылған және бекітілген. (хаттама №1, 27.08.2022ж).

Кафедра оқытушылары лекция және семинар сабақтарының барысында жаңа педагогикалық технологияларды қолданды. Атап айтқанда, проблемалық оқыту әдісі, ынтымақтастық педагогикасы, ізгілендіру технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, деңгейлеп және саралап оқыту технологиялары, бағдарламалы оқыту технологиясы «талдау және сыни талдау», «тренинг», «іскер ойын», «оқу пікір сайыс (дебат)», «рөлдік ойын», «моделдеу» т.б. Оқытудың көптеген интерактивті әдістері студенттер үшін өте тиімді және кафедра оқытушылары жиі қолданады. Осы педагогикалық технологияларды сабақ барысына енгізу студенттердің пәнге деген қызығушылығын және белсенділігін арттырады.

Кафедрада 2022-2023ж. Оқу жылына жоспар бойынша өтілген сабақтардың талдамасы өзара сабаққа қатысу журналында тіркелген. Сабақтарды талқылау барысында сабақтың жетістіктері мен кемшіліктеріне, оқытушының дидактикалық материалдарды қолдануына, сөйлеу мәдениетіне, студенттермен қарым қатынасы, аудиторияны басқара білуіне және сабақ материалына дайындығы, сабақта инновациялық әдістер қолдануына аса назар аударылып, ұсыныстар мен пікірлер айтылды. Сабақтың басқа пәндермен байланыстылығы, осы сала ғылымындағы соңғы жаңалықтарды, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануы, студенттердің тақырыпқа қызығушылығын арттыра білуіне көңіл бөлінді. Жалпы, кафедрада оқытушы-профессорларының лекциялық, практикалық, жеке сабақтар жоғары оқу орны талаптарына сай өткізілді.

Кафедра оқытушыларының сабақ ұйымдастыру жұмысының жаңа оқу жылындағы ерекшеліктері: жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, семинар сабақтарда басым түрде ойын элементтерін, кейс жүйесін пайдалануы, арнайы көрнекі құралдарды жасау, пікірталастар өткізу, сабақ жоспарын құрастыру, жеке тұлғаға мінездеме жазу.

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 5-өзара сабаққа қатысу жоспарланған.

Қазан айында Каратаев А.О «Баскетбол» пәнінен 1402-19 оқу тобына практикалық сабақ өткізді. Өзара сабақтың ғылымилығын қамтамасыз ету деңгейі: Сабақ өте қызықты, тартымды өтті. Оқытушы өзін-өзі еркін ұстауы, сөйлеу мәнері, сөйлеу мәдениеті, қызметінің ерекшеліктері мен міндеттері жан-жақты қарастырылды.

Пән кешенін сабақ барысында қолдана білу іскерлігі: Каратаев А.О сабақта тақырыпты толық аша білді, сабақ жоспарға сәйкес. Сабақ өту барысында заманауи әдіс-тәсілдері, бағалауды, студенттің көңілін өзіне аудара көптеген мәліметтер берілді.

Каратаев А.О сабақты өз деңгейінде, сабақты кәсіби шеберлікпен, сенімділікпен өткізді.

Қазан айында Таджимуратов Н.Р «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесі» пәнінен практикалық сабақ өткізді. Сабақ өз деңгейінде өтті, студенттерге қызықты әрі тартымды болды.

Магистр оқытушы Басынбеков Қ.М «Гимнастика оқыту әдістемесі» пәнінен практикалық сабақ жүргізді. Сабақ жоспарға сай өткізілді. Сабақ барысында түрлі элементтер көрсетілді. Арнайы дене жаттығуларын анық көрсете білді.

Қараша айында магистр оқытушы Бактыберлиева И.М «Гимнастика оқыту әдістемесі» пәнінен сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы «Спорттық

гимнастикаға жалпы мінездеме».

Сабақтың жоспары: 1.Алшақтау және жақындау.

2.Нұсқау бойынша қозғалу.

Сабақ жақсы жоспарлаған, жоспарға сай өтілді, уақытты тиімді пайдаланды. Оқытушының тәжірибесі мол талапқа сай жұмыс жасады.

Магистр оқытушы Сейсембек Ә.Б «Гимнастика оқыту әдістемесі» пәнінен сабақ өткізді. Сабақтың тақырыбы:«Гимнастика сабағында оқушылардың жарақат алуын болдырмау жолдары» тақырыпты толық аша білді, сабақ жоспарға сәйкес. Сабақ жоғары оқу орнының талабына сай өткізілді. Сабақ барысында студенттің назарын өзіне аудару алатын белсенділігін қолдана білді.

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында 5 өзара сабаққа қатысу жоспарланып, кестесі түзілді (№ 1,27.08.2022ж). Кафедрада оқытушылардың өзара сабаққа қатысу кестесі жасалып толтырылып, кафедра мәжілістерінде талқыланды.

Қазан айында магистр оқытушы Каратаев А.О.,Таджимуратов Н.Р., қараша айында магистр оқытушы Бактыберлиева И.М., Сейсембек Ә.Б., Басынбеков Қ.М сабақтарына кіру жоспар бойынша өз белгіленген уақытында өтілді.

ПОҚ-ң өзара сабаққа қатысу барысында оқытушыларлар сабақтарын өте жоғары деңгейде өтілді.

№9 тіркеме

#### 2022-2023 оқу жылында өткізілген өзара сабаққа қатысу туралы мәлімет

№	Оқытушының аты-жөні	Комиссия мүшелері	Күні, уақыты	Пән аты	Сабақ түрі
1	Каратаев А.О	Темірханов М.Т Тұрдалиев А.Т	04.10.2022ж	Баскетбол	практика
2	Бактыберлиева И.М	Ромашов Н.Р Темірханов М.Т	07.11.2022ж	Гимнастика оқыту әдістемесі	практика
3	Сейсембек Ә.Б	Тұрдалиев А.Т Кульбаев С.Қ	09.11.2022ж	Гимнастика оқыту әдістемесі	практика
4	Таджимуратов Н.Р	Тұрысқұлов Ө.Ж Ганнота М.В	20.10.2022ж	Жеңіл атлетика	практика
5	Басынбеков Қ.М	Испандиярова А.М Темірханов М.Т	14.11.2022ж	Гимнастика оқыту әдістемесі	практика

Жалпы кафедра бойынша жарты жылдықта 5 өзара сабаққа қатысу өткізілді.

**2022-2023 оқу жылында өткізілген ашық сабақтар туралы мәлімет**

№10 тіркеме

№	Пән аты	Ашық сабақтың тақырыбы	Оқытушының аты-жөні	Қолданылған әдісі	Өткізген мерзімі
		<b>«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасы</b>			
1	Футбол және кіші футболды оқыту әдістемесі	Футбол ойынындағы күштілік пен жылдамдық қабілеттерін жас ерекшеліктеріне қарай шыңдау	Ускеналиев А.К	Эвристикалық әдіс	28.10.2022ж

**3.6 Кафедрадағы әдістемелік бірлестік, секция, семинарлардың жұмысы туралы.**

2022-2023 оқу жылының басында, кафедраның мәжілісінде, №1 хаттама 27.08.2022ж. кафедра жүргізілетін ғылыми-әдістемелік семинар жұмысының жоспары бекітілген. Семинарлар жоспар бойынша әр ай сайын жоспарланған. Ғылыми-әдістемелік семинардың өткізілуі жоспарға сәйкес жүргізілуде және өткізілуі туралы құжаттар жинақталған. Семинарда тақырыптарға сәйкес баяндамалар талқыланып, оқу үдерісіне енгізуге қажетті ұсыныстар болса, оны әрі қарай жан-жақты терең талқылаудан өткізіп, ұсыныспен университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне шығу мәселелері қарастырылады.

Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысы тұрақты ұйымдастырылады және оқытушылар түгел қатысады.

**Кафедрада** 07.11.2022-11.11.2022ж оқу-әдістемелік апталық аясында кафедраның оқытушы профессорлары мен 6В01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау мамандығының студенттерімен бірлесе отырып ғылыми-әдістемелік семинар өтті. Семинар кафедра меңгерушісі п.ғ.к.,доцент А.М.Испандиярова мен кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша жауапты аға оқытушы У.О. Сералиеваның, Ә.Б.Сейсембектің ұйымдастыруымен өткізілді.

**Ғылыми –әдістемелік семинарға 09.11.2022 жылы** кафедраның профессоры п.ғ.к. М.Т.Темірханов «Дене шынықтыру денсаулық кепілі» (дөңгелек үстел) тақырыбына баяндама жасады. Баяндамада дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан – жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, дене тәрбиесі – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Дене тәрбиесі жаттығуларын жүйеге түсіріп белгілі бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. Атам қазақ бірінші байлық – денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Студенттер көптеген қызықты мәліметтермен танысты.

**10.11.2021ж «Жаңа форматтағы ББ мазмұнын талқылау»** жұмыс берушілер мен студенттердің қатысуымен семинар өтті. Бұл семинарда №47 ЖООМ мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мамешов Айтуар қатысты. Білім беру бағдарламасын 6B01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау мамандығы бойынша кафедра меңгерушісі А.М.Испандиярова 2022-2023 оқу жылында ББ бағдарламасына жаңа бір пән **Адаптивті дене шынықтыру** енгізгендігі туралы айтты. Пәннің негізгі міндеттері мен мақсаттары туралы студенттерге мағлұмат берілді. Денсаулық жағдайында ауытқулары бар адамдар үшін адаптивті дене шынықтыру мамандарын оқыту (Бейімделген дене шынықтыру). Адаптивті дене шынықтыру жөніндегі маман денсаулық жағдайында ауытқулары бар адамдармен, сондай-ақ дамуында бұзушылықтары бар адамдардың барлық санаттарымен жұмыс істеуге және спорттық-педагогикалық; рекреациялық-бос уақыт және сауықтыру-оңалту; кәсіби қызметтің түзету, ғылыми-әдістемелік ұйымдастыру-басқару түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

#### **Міндеттері:**

Физикалық немесе психикалық денсаулығында ауытқулары бар адамда Адаптивті дене тәрбиесі қалыптасады:

- \* орташа дені сау адамның күштерімен салыстырғанда өз күштеріне саналы көзқарас;
  - \* толық өмірге кедергі келтіретін физикалық ғана емес, психологиялық кедергілерді де жеңе білу;
  - \* қоғамда толыққанды жұмыс істеу үшін қажетті дене жүктемелерін еңсеру қабілеті;
- мүмкіндігінше сау болу және салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігі;
- \* қоғам өміріне өзінің жеке үлесінің қажеттілігін түсіну;
  - \* өзінің жеке қасиеттерін жақсарту ниеті;
  - \* ақыл-ой және физикалық өнімділікті арттыруға ұмтылу.

ББ бағдарламасына енгізілген пәндердің барлығы қаламыздағы Шымкент қалалық № 18 олимпиадалық резервтің мамандандырылған бабалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі, Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы, Шымкент қалалық №10 күрес түрлерінен Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ұжымдарымен келісе отырылып жоба жасалынды. Бұл семинарға университетіміздің оқу әдістемелік жұмыстары бойынша проректор А.А.Кулышева қатысты.

Кафедра бойынша барлығы 2 семинар өткізілді.

Семинарда тақырыптарға сәйкес баяндамалар талқыланып, оқу үдерісіне енгізуге қажетті ұсыныстар болса, оны әрі қарай жан-жақты жұмыс берушілермен бірге терең талқылаудан өткізілді. Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысының мақсаты:

- пәндердің ғылыми теориялық проблемаларын айқындап шешу;
- пәндерді оқытуда студенттердің оқу іс-әрекетін ғылыми ізденіске барынша жақындатудың әдістемелік мәселелерін айқындау.

**«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының өткізілген ғылыми семинарлар**

№ қ/с	Ғылыми конференциялар, семинарлар атауы	Жоспарланған уақыт	Өткізілген мерзімі	Баяндама саны
1	Білім берудің барлық деңгейлеріндегі МЖМБС талаптарына сәйкес дене шынықтыру – сауықтыру қызметі.	Қазан 2022ж	Испандиярова А.М	1
2	Дене шынықтыру оқытушысы мен спорт түрлері жаттықтырушысының педагогикалық қызметтерін анықтау	Желтоқсан 2022ж	Тұрысқұлов Ө.Ж.	1

**Дөңгелек стөл мен семинар**

1	Білім күніне арналған дөңгелек стөл	Қыркүйек 2022ж.	Дөңгелек стөл	1
	ОҚМПУ 85 жылдығына арналған: «Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда тәрбиенің рөлі» тақырыбында оқу ордамыздың түлегі п.ғ.д., профессор Тойлыбаев Бекайдар Адамбековичпен кездесу.	Қазан 2022ж.	Дөңгелек стөл	1
2	«Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» тақырыбында мерекелік кеш.	Қазан 2022ж.	Мерекелік іс-шара	1
3	«Жас ұрпақтың бойында әскери-патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда тәрбиенің рөлі» тақырыбында тәлімгерлік тәрбие сағаты.	Қазан 2022ж.	Тәлімгердік сағат	1
4	ОҚМПУ 85 жылдығына арналған: ОҚМПУ түлегі Дуйсебаев Бауыржанмен «Бастапқы әскери дайындық патриотизмнің бастауы» тақырыбында кездесу.	Қараша 2022ж.	Дөңгелек стөл	1
5	«XXI ғасыр дерті және жастар» атты СПИД-ке қарсы тәлімгерлік сағаттар өткізу.	Желтоқсан 2022ж.	Тренинг	1
6	«Жастар-нашақорлыққа қарсы», "Терроризмге жол жоқ!" тәрбие сағатын өткізу.	Желтоқсан 2022ж.	Тәлімгерлік сағат	1

### 2022-2023 оқу жылында дайындалған цифрлық ресурстар

№	Кафедраның атауы	Оқытушы саны		Пән саны		Бейне түсірілім саны	Онлайн курс атауы
		*1	*2	*1	*2		
1	Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі	17	13	23	2	15	Дене шынықтыру тарихы, олимпиадалық білім

### Кафедрада өткізілген әдістемелік семинарлар

№	Семинардың тақырыбы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
<i>«Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасы</i>				
1	Дене шынықтыру сабақтарында гимнастикалық терминдердің алатын орны	Қараша 2022ж	Рамашов Н.Р	семинар

**3.7 Кафедрада орындалған оқу-әдістемелік жұмыстардың сапасы туралы. (оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, силлабус, лабораториялық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары, ғылыми-журналдарда, конференция жинақтарында жарық көрген еңбектер). Олардың қаншасы қазақ тілінде жазылған, және олардың сапасы туралы. (Тіркеме № 10).**

Профессор-оқытушылар құрамымен оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар, силлабус, оқу кешені, практикалық жұмыстардың диплом жұмыстарын жазудың әдістемелік нұсқаулары, кәсіптік практиканың бағдарламалары дайындалды. Дайындалған оқу-құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары және т.б. кафедра, факультет мәжілісінде талқыланып, университеттің оқу әдістемелік кеңесіне ұсынылды. ОҚМПУ-дың «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының (меңгерушісі А.М. Испандиярова) және оқытушы-профессор құрамы 2022-2023 оқу жылында пәндердің оқу-әдістемелік кешенін (УМКД) даярлауда университет кітапханасының кітап қорына жаңа, 2022-2023 ж. Алматы, «Издательство ЭВЕРО» бірлестігінен басылып шыққан кафедраның доцент қызметін атқарушы ҚР халықаралық дәрежедегі аға төрешісі А.И.Амидовтың оқу құралдарын қолдануда, аталған монография және оқу құралдары ҒЗЖ актісі бойынша оқу үдерісіне енгізілген.

## 2022-2023 оқу жылында ОПҚ-ның баспадан шығарылған жұмыстарының саны

Кафедра	Оқулық	монография	Оқу құралдары	Электронды оқу құралы	Оқу-әдістемелік құралдары	Оқу-әдістемелік нұсқаулар	Лекция жинағы	Видеолекция	Барлығы
Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі	-	-	-	-	-	-	-	-	-

### 3.8 Кафедрада 6В01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау мамандығында өтетін лекция, практика сабақтарының сапасы туралы.

2021-2022 оқу жылында кафедрада өтетін емтихандардың бақылау формасының түрі анықталынып, факультетке өткізілген. Кафедраларда өтілетін пәндер бойынша емтихан билеттері және пән бойынша тест сұрақтары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілген. Тест тапсырмалары ОҚМПУ-дің Ақпараттық сараптама орталығына тіркеледі. Бірінші, межелік блок, емтихан тестік билеттерін дайындау ережелері сақталынған. Сессия аяқталғанда кафедра мәжілісінде сессия нәтижелері талқыланып, пән оқытушылары студенттердің үлгерімі жайында мәліметтер берді.

Кафедрадағы оқытушы-профессорлар құрамы 2022-2023 оқу жылындағы бөлінген жүктемеге сәйкес 6В01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау мамандығы бойынша лекциялық сабақтар 1,2,3,4 курстарға онлайн, практикалық сабақтар офлайн жүргізілді. Білім сапасын арттыру мақсатында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен жаңа технологияларды қолдана отырып сабақтар өткізілді. Жаңа инновациялық технология негізінде кафедрада электрондық оқулықтар, компьютерлік технология негізінде оқыту, тестілеу программаларын қолдану, дамыта оқыту, эвристикалық оқытулар әдістері қолданылды, оларға дидактикалық құралдар дайындалды. Кафедралардағы лекция, практикалық сабақтардың сапасы жайлы өзара сабаққа қатысу және ашық сабақтар журналында мәліметтер берілген. Жалпы лекция, практикалық сабақтардың сапасы жоғарғы оқу орындарының талаптарын қанағаттандырады.

Кафедраның эдвайзерлері Басынбеков Қ.М онлайн оқу барысында профессор-оқытушыларға 11.09.2022 жылы оқу барысында видеотүсірілімдерді түсіру видеотүсірілімдерді даярлау, видеотүсірілімдерді универ жүйесіне қою, Facebook, Instagram, Telegram, YouTube, Gmail жолдары жайлы вебинар ұйымдастырды. Кафедраның оқытушы профессор құрамы 2021-20202 оқу жылында оқылатын -23 пән оның 8 пәні бойынша 15 бейне-түсірілімдер дайындады. Оның ішінде 5-Бейне-лекция; 10- бейне-практика. Кафедра өздерінің «YouTube» каналдарын ашты. атауы «YouTube» каналының атауы «ОКМПУ\_DT» деп ағылшын әріптерімен кафедра атауы жазылды. Дайындалған

бейнетүсірілімдер кафедра ашқан «You Tube» каналына орналастырылды. Сілтемелері білім алушыларға қол жетімді болу үшін универ жүйесіне қойылды.

### 3.9. Академиялық ұтқырлық бойынша ақпарат (шетелден, республика бойынша білікті мамандар шақыру, т.б.)

№	ЖОО және Мекемелер	Мекен жайы	Аты-жөні	мерзімі
1	ОҚО су спорты түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдерді олимпиадалық резервке дайындау мектебі	Шымкент қ, Байтұрсынов к. н/ү	Спорт мектебінің директоры ҚР Мекенбаев Саян	2-жыл
3	№9 Жолдасбеков атындағы лицей	Шымкент қ. Қазыбек би к. н/ү	Мектеп директоры Маманқұлова А.С	3 жыл
4	№10 күрес түрлерінен спорт мектебі	Шымкент қ, Байтұрсынов к. н/ү	Спорт мектеп директоры Қыпшақбаев М.С.	2 жыл
5	№ 2 үш тілде оқытатын «Дарын» мектеп интернаты	Шымкент қ. Қазиев 7	Мектеп директоры Төлтебаев С.Қ.	2 жыл

### 3.10 Кәсіби бағыт беру жұмыстары

№	Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны	Орындалғаны туралы белгі
1	2	3	4	5	6
1	Түркістан облысы, аудан және қала мектептеріне кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу жоспарын бекіту.	Қыркүйек 2022ж.	Аға оқытушы Тұрдалиев А.Т. Магистр оқытушы Каратаев А.О.	жоспар	№1 хаттама 27.08.2021ж
2	Қазығұрт ауданы және Шымкент қаласындағы мектептерде кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп бітірушілерімен кездесу.	қазан 2022ж қараша 2021ж. Наурыз 2023ж	Аға оқытушы Тұрдалиев А.Т. Магистр оқытушы Каратаев А.О., кафедра оқытушылары	есеп	Қахығұрт, Шымкент қаласындағы мектептерден оқушылар туралы мәлімет жиналды



## SWOT-талдау

<b>S(strength)-күшті жақтары</b>	<b>W(weakness)-әлсіз жақтары</b>
<p>- Элективті пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.</p> <p>- Үздіксіз дене шынықтыру және пәндердің ерекшеліктеріне қарай құрал-жабдықтар алып отыру;</p> <p>-Білім беру бағдарламасы студенттерге сапалы білім берудің барлық мәселелерін қамтуы және пән құзыреттіліктері матрицасының дұрыс жасалуы.</p> <p>-Оқу жоспарлары жыл сайын оқу үдерісіндегі өзгерістерге байланысты қайта қаралып, өзгертулер енгізілуі.</p> <p>- ПОӘК “Универ” жүйесіне енгізіліп орналастырылуы</p>	<p>-Электронды оқу құралдарының аздығы.</p> <p>-Цифрлық білім беру ресурстарымен толық қамтылмауы</p> <p>-Қашықтықтан оқытудың тиімділігін арттыру</p>
<b>O(opportunity)-жағымды мүмкіндіктер</b>	<b>T(threat)-қауіпті жағдайлар</b>
<p>- 6В01402 –дене шынықтыру мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім мазмұнын анықтайтын құжаттармен қамтамасыз ету;</p> <p>Кафедраның тәжірибелі, білікті оқытушылары интербелсенді құралдарды толық игеріп, сабақ барысында қолдануы.</p> <p>-Жұмыс берушілермен қарым- қатынасты ұлғайту түлектеріміздің жұмыспен қамтылуына септігін тигізуі.</p> <p>-Таңдау бойынша компонент пәндерінің кредиттері білім саласындағы маманның барынша табысты қалыптасуы үшін ұлғайтылды.</p> <p>-Білім беру мекемелерін іс-тәжірибе мен СҒЗЖ базалары ретінде пайдалану.</p> <p>-Студенттердің білімдік және интеллектуалдық деңгейін жоғарылату үшін жағдайлар құру (кітапхана қоры, әр алуан ұйымдастыру іс-шаралары).</p>	<p>- Нарықта білім беру қызметтерінің бәсекелестігін көтеру</p> <p>- Студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілін жеткілікті білмеуі шет тілінде оқу пәндерін оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.</p> <p>- ОПҚ оқу құралдарын пәндер бойынша аз шығарылуы</p>

### 3.11 Қорытынды, ұсыныстар.

-2022-2023 оқу жылында жүргізілген оқу-әдістемелік жұмысының жарты жылдық жоспары орындалды.

-Педагогикалық шығармашылық және іс-әрекеттердің өздігінен іске асыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды.

-Оқыту үдерісінде дидактикалық материалдар, виртуальды жұмыстарды, INTERNET желісін, интерактивті тақтаны, жаңа оқыту технологияларын пайдаланылды.

-универ жүйесімен жұмыс жасауымызға байланысты интернет желісін нығайтса екен.

### Ұсыныс

1.Электронды оқулықты баспадан шығару үшін орталық ұйымдастырылса.

2.Университет көлемінде (шет тілдерді аудару) аударма орталығы ашылса.

